

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНА ҚАЛАСЫ МЕН
ПОЛЬША РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГДАНЬСК ҚАЛАСЫ
АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасы Астана қаласының әкімдігі мен Польша Республикасы Гданьск қаласының әкімшілігі, бұдан әрі “Тараптар” деп аталып,

1996 жылғы Шарттың негізінде іске асырылған ынтымақтастық нәтижесінің, сондай-ақ, ынтымақтастық пен бірлескен бастамалардың жүзеге асырылуын одан әрі дамыту қажеттілігі екі Тарапты да қанағаттандырғанын ескеріп, Тараптар мыналарға келісті:

Тараптар тұрғындар, қоғамдар, ұйымдар сондай-ақ, екі қала әкімшіліктерінің өкілдері арасындағы келісім ретінде қызмет атқаратын жобаларды қолдайды.

Тараптар мынадай салаларда шынайы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды белгілеуге көмек көрсетеді.

6. Жергілікті демократияны дамыту:

- мемлекеттік билік органдарының азаматтық қоғам институттарымен өзара байланыс механизмдерін;
- қоғаммен жұмыс және басқару жүйесіндегі қоғамдық пікірдің рөлі;
- баспасөз қызметімен жұмыстар ұйымдастыру;
- қазіргі заманға сай саяси технологиялар қолдану;
- сайлау кампанияларын жүргізу тәжірибесі.

7. Экономика және қаржы:

- шағын және орта бизнесті қолдау;
- қала бюджетін және басқа да қорларды тиімді басқару;
- инвесторлармен келісім-шарттар жасасу.

8. Қаланы қазіргі заманға сай басқару:

- қала қозғалыстарын басқару саласындағы жаңа технологиялар мен жобаларды енгізу;
- қоғамдық көлікті басқару;
- ірі қалалық инвесторлық жобаларды іске асыру үшін сыртқы қаржылық қаражаттарды тарту;
- су-кәріздік желілер құру және дамыту;
- жаңа технологияларды енгізу және ғылымға қол жеткізу;
- қала тұрғындарының Internet-ті коммуникация құралы ретінде пайдалануы.

9. Қоршаған ортаны қорғау:

- мақсаты ауаның, топырақтың және судың ластануын төмендету болып табылатын бағдарламаларды іске асыру;
- қоршаған ортаны қорғау тақырыбы бойынша білімді жариялау;
- жасыл желектерді қорғау;

10. Білім:



- оқушылар мен студенттердің алмасуын қолдау;
- екі қаланың орта және жоғарғы оқу орындары арасында келісім-шарттар белгілеу.

Және де өзінің ұйымдастырушылық және қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, Тараптар мәдениет пен мәдени және тарихи мұраларды қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамытуды мағлұмдайды.

Тараптар сондай-ақ, спорт және туризм саласындағы бірлескен жобаларды іске асыруға талпынады.

Тараптар меншік нысанына қарамастан осы Келісіммен әрекет ететін түрлі ұйымдар арасындағы ынтымақтастық жөніндегі бастамаларға қатысады және оларға мүмкіндігінше көмектер көрсетеді.

Осы құжат 11 06 қаласында 2003 жылы “_____” _____ екі данада жасалды, әрқайсысы қазақ және поляк тілдерінде, екі мәтіннің де бірдей күші бар.



Стефан Ливна
Польша Республикасы Гданьск
қаласының Вице-Президенті